

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1130 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 836 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1130 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 42, 538-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ережеде:

1 4 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, ақпарат, телерадио хабарларын тарату, мұрағат ісі мен құжаттама және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қ а л ы п т а с т ы р у ;

2) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, ақпарат, телерадио хабарларын тарату, мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлеу;»

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, ақпарат, телерадио хабарларын тарату, мұрағат ісі мен құжаттама салаларында нормативтік құқық актілерді ә з і р л е у , б е к і т у ; » ;

45) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«45) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, тексеру жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

62) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«62) орталық және жергілікті атқарушы органдардың бұқаралық ақпарат құралдары және телерадио хабарларын тарату мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;»;

63) және 65) тармақшалар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 65-1), 65-2), 65-3), 65-4), 65-5), 65-6), 65-7), 65-8) және 65-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«65-1) Министрліктің құзыреті шегінде телерадио хабарларын таратушы ұлттық оператордың қызметін үйлестіру;

65-2) Қазақстан Республикасында қабылданатын жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік стандарттарды әзірлеу;

65-3) телерадио хабарларын тарату операторларының қызмет көрсету қағидаларын бекіту;

65-4) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

65-5) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу;

65-6) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу;

65-7) телерадио хабарларын тарату мақсаты үшін жиіліктердің белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) бөлу қағидаларын әзірлеу;

65-8) телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже әзірлеу және оның құрамы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

65-9) бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруды, дамытуды және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыру;»;

15 - тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу, телерадио хабарларын тарату жөніндегі қызметті лицензиялау;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізу;»;

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«49) Қазақстан Республикасының ақпарат, телерадио хабарларын тарату, мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы заңнамасының орындалуын бақылау;»;

мынадай мазмұндағы 56-1), 56-2), 56-3), 56-4), 56-5), 56-6), 56-7), 56-8), 56-9), 56-10) және 56-11) тармақшалармен толықтырылсын:

«56-1) телерадио хабарларын тарату мақсаты үшін жиіліктердің белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) бөлу бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

56-2) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

56-3) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

56-4) Қазақстан Республикасының аумағында таралатын шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;

56-5) Қазақстан Республикасының аумағында есепке қойылған және таратылатын отандық және шетелдік теле-, радиоарналардың тізілімін жүргізу және оны интернет-ресурста жариялау;

56-6) телерадио хабарларын тарату операторларының есепке қою рәсімінен өткен шетелдік теле-, радиоарналарды тарату бөлігіндегі Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

56-7) көпарналы хабар таратуда таратылуына байланысты міндетті теле-, радиоарналардың санын айқындау;

56-8) отандық теле-, радиоарналарды есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;

56-9) ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

56-10) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары және телерадио хабарларын тарату саласындағы заңнамаларының сақталуын бақылауды және мониторингті жүзеге асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

56-11) уәкілетті органдарға адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қауіп-қатер және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қалыптасқан кездегі іс-қимыл тәртібі туралы халықты хабардар ету үшін, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізу.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК